



**KK** Жуғыш-кептіргіш машина  
**RU** Стирально-сушильная машина

Қолдану туралы нұсқаулары 2  
Инструкция по эксплуатации 37



## МАЗМҰНЫ

|                                                  |    |
|--------------------------------------------------|----|
| 1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ.....                          | 4  |
| 2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....                   | 7  |
| 3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ.....                        | 8  |
| 4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ.....                           | 9  |
| 5. БАҒДАРЛАМАЛАР .....                           | 10 |
| 6. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ.....                         | 16 |
| 7. ФУНКЦИЯЛАР.....                               | 16 |
| 8. ПАРАМЕТРЛЕР.....                              | 18 |
| 9. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН.....                | 19 |
| 10. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК ЖУУ.....          | 19 |
| 11. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК КЕПТІРУ.....      | 23 |
| 12. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ЖУУ ЖӘНЕ КЕПТІРУ..... | 24 |
| 13. АҚЫЛ-КЕҢЕС.....                              | 26 |
| 14. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ.....                      | 28 |
| 15. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ.....                        | 32 |
| 16. ЕСІКТІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА АШУ.....             | 35 |
| 17. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК.....                        | 36 |

## СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

**Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:**



Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:

**[www.electrolux.com/webselfservice](http://www.electrolux.com/webselfservice)**



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:

**[www.registerelectrolux.com](http://www.registerelectrolux.com)**



Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:

**[www.electrolux.com/shop](http://www.electrolux.com/shop)**

## ТҰТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.

Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.



Ескерту / Қауіп-қатерден сақтандыру ақпараты



Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес



Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

## 1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Дұрыс орнатпау немесе пайдаланбау нәтижесінде орын алған жарақат немесе зақымдарға өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықтарды кейін қарап жүру үшін әрқашан қауіпсіз және қол жетімді жерде сақтаңыз.

### 1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі



ЕСКЕРТУ!

Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе кемтар болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жастағы және одан асқан балалар мен физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар, құрылғыны қауіпсіз пайдалану және одан келетін ықтимал қауіп-қатер туралы нұсқау алса және/немесе қадағалау үстінде болса пайдалана алады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- 3 жастағы және бұл жасқа толмаған балаларды жұмыс істеп тұрған құрылғыдан әрқашан алыс ұстау керек.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстап, қоқысқа тиісті түрде тастау керек.
- Жуғыш заттарды балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын алыс ұстаңыз.
- Құрылғы бала қауіпсіздігінің құралымен жабдықталса, оны қосу керек.
- Балалар құрылғыны жөндеу және тазалау жұмыстарын бақылаусыз орындамауы керек.

## 1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Құрылғыны жеке тұратын құрылғы ретінде немесе өлшемдері сай келсе ас үй қаптамасының астына орнатыңыз.
- Құрылғыны бекітілетін есіктің артына, сырғыма есіктің артына немесе топсасы керісінше орналасқан, құрылғының есігін толық ашуға кедергі жасайтын жерлерге орнатпаңыз.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана қосыңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Табанындағы желдеткіш саңылауларға (егер бар болса) кілем, төсеніш немесе еденнің қаптамасы кедергі жасамауға тиіс.
- Газ немесе басқа жанармай қолданатын құрылғылардан, сондай-ақ ашық оттан бөлінетін қажетсіз газдар қайта бөлмеге кірмес үшін құрылғы орнатылған бөлменің жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз.
- Шығасын ауаны құрылғыдан жанған газды немесе басқа жанармайдан бөлінетін түтіндерді шығаруға арналған түтік арқылы шығаруға болмайды.
- Сыртқы қосылымнан су кіретін тұстағы судың жұмыс қысымы 0,5 бар (0,05 МПа) және 8 бар (0,8 МПа) аралығында болуы керек.
- Ең көп 7 кг салмақтан асырмаңыз ("Бағдарлама кестесі" тарауын қараңыз).
- Құрылғыны су желісіне жаңадан берілген түтік жинағын немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығы берген басқа түтік жинағын қолданып қосу керек.
- Ескі түтіктерді қайта пайдалануға болмайды.
- Қуат сымына зақым келсе, электр қатерінен сақтандыру үшін оны өндіруші немесе оның

уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.

- Құрылғының айналасына жиналып қалған қыл-қыбырды немесе орамдарды тазалаңыз.
- Тағам пісіретін көкөніс майы, ацетон, спирт, бензин, керосин, дақ кетіргіштер, скипидар, балауыз және балауыз кетіргіш тәрізді заттарды, кір кептіргіш машинамен кептірмей тұрып, қосымша жуғыш зат пайдаланып, ыстық сумен жеке жуу керек.
- Өнеркәсіп химикаттарымен ластанған заттар үшін осы құрылғыны қолданбаңыз.
- Жуылмаған киімдерді кір кептіргіш машинада кептірмеңіз.
- Көбік резеңке (латекс көбік), монша қалпақтарын, су өткізбейтін текстильді, резеңкемен астарланған заттарды және киімдерді немесе резеңке толтырылған жастықтарды кір кептіргіш машинада кептіруге болмайды.
- Мата жұмсартқыштарды немесе ұқсас заттарды оларды өндірушінің нұсқауларына сәйкес ғана пайдалану керек.
- Темекі тұтатқыш немесе сіріңке тәрізді өрт көзіне айналуы мүмкін заттардың барлығын алыңыз.
- Егер барлық кірді дереу алып, қалдық қызулары тезірек тарап кетпесе, кір кептіргіш машинаны ешқашан кептіру циклы аяқталмай тұрып тоқтатпаңыз.
- Кептіргіштің соңғы циклы заттардың температуралары оларға зақым келтірмейтіндей төмен болуы үшін ешбір қызусыз (салқындату циклы) орындалады.
- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және/немесе буды қолданбаңыз.
- Құрылғыны дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Бейтарап жуғыш заттарды ғана қолданыңыз.

Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.

- Кез келген жөндеу жұмысын орындау алдында құрылғыны сөндіріп, ашаны розеткадан суырыңыз.

## 2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

### 2.1 Орнату

- Құрылғымен бірге жеткізілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0°C градустан төмен немесе ауа-райы әсер ететін жерге орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны орнынан жылжитқан кезде әрқашан тік қалыпта ұстаңыз.
- Құрылғы мен еден арасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Орам материалдарының және тасымал тетіктерінің барлығын алыңыз.
- Құрылғы орнатылған еден тегіс, орнықты, қызуға төзімді және таза болуға тиіс.
- Тасымал болттарын сенімді жерде сақтаңыз. Кейін құрылғыны көшірген кезде, ішкі бөліктеріне зақым келмес үшін барабанды бекіту үшін оларды қайта салу керек.
- Құрылғы ауыр болғандықтан, орнынан жылжитқан кезде әрқашан абай болыңыз. Әрқашан қауіпсіздік қолғабы мен бітеу аяқ киім киіңіз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғыны құрылғының есігі толық ашылмайтын жерге орнатпаңыз.
- Құрылғы мен еден арасында тиісті орын қалдыру үшін өзгермелі тіректерді реттеңіз.
- Құрылғыны тұрғылықты орнына қойғаннан кейін, ватерпас арқылы деңгейінің әбден дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз. Деңгейі дұрыс болмаса, тіректерін тиісінше реттеңіз.

### 2.2 Электртоғына қосу



#### ЕСКЕРТУ!

Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- Бұл құрылғы Е.Е.С. ережелеріне сай келеді.

### 2.3 Суға қосу

- Су түтіктеріне зақым келтірмеңіз.
- Жаңа түтіктерді немесе ұзақ уақыт қолданылмаған түтіктерді орнату алдында, жөндеу жұмыстарын орындағаннан кейін немесе жаңа құралдарды орнатқаннан кейін (су өлшегіш құрал, т.б.) суды таза және тұнық су аққанша ағызыңыз.
- Құрылғыны пайдалану барысында немесе бірінші рет қолданғаннан кейін ешбір су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

### 2.4 Пайдалану



#### ЕСКЕРТУ!

Жарақат алу, электр қатері, күйіп қалу және өрт қаупі, құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Бұл үйде ғана қолдануға арналған құрылғы.

- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде шыны есікті ұстамаңыз. Шыны ысып кетуі мүмкін.
- Төсемесі немесе толтырмасы (жыртылған, сөгілген) бар, нұқсан келген заттарды кептірмеңіз.
- Кір дақ кетіргішпен жуылған болса, кептіру циклын бастау алдында қосымша шаю циклын қосыңыз.
- Кірден барлық темір заттардың алынғанына көз жеткізіңіз.
- Кір жуғыш-кептіргіш машинада кептіруге болатын маталарды ғана кептіріңіз. Матаның затбелгісіндегі тазалауға қатысты нұсқауларды орындаңыз.
- Пластик заттар қызуға төзімді емес.
  - Жуғыш зат шаригін қолдансаңыз, кептіру бағдарламасын бастамай тұрып алыңыз.
  - Тоқтамайтын бағдарламаны орнатсаңыз, жуғыш зат шаригін пайдаланбаңыз.


**ЕСКЕРТУ!**

Жарақат алу немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Ашық тұрған есіктің үстіне отыруға немесе үстіне шығып тұруға болмайды.
- Суы сорғалап тұрған киімдерді құрылғыға салып кептірмеңіз.

**2.5 Құрылғыны тастау**

- Құрылғыны электр және сумен жабдықтау желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыға жақын орналасқан электр сымын кесіп, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар немесе үй жануарлары барабанға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін ағытып алыңыз.
- Құрылғыны Ескірген электр және электроника құрылғыларын тастауға (WEEE) арналған жергілікті ережелерге сәйкес тастаңыз.

**3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ****3.1 Құрылғының жалпы көрінісі**


- 1 Жұмыс тақтасы
- 2 Жуғыш зат үлестіргіші
- 3 Басқару панелі
- 4 Есіктің тұтқасы
- 5 Техникалық ақпарат тақтайшасы
- 6 Су төгетін сорғының сүзгісі
- 7 Құрылғыны деңгейлеуге арналған тіректер

## 3.2 Бала қауіпсіздігі құралын қалай қосу керек

Бұл құрал балалар немесе үй жануарларын барабанға кіріп кетуден қорғайды.

Құралды сағат тілінің бағытымен кертiгi көлденең қалыпқа келгенше бұраңыз.

Есікті жаба алмайсыз.



Есікті жабу үшін, құралды сағат тілінің бағытына қарсы, кертiгi тік қалыпқа келгенше бұраңыз.

## 3.3 Орнатуға арналған жинақ (4055171146)


Уәкілетті дилерден алуға болады.

Егер құрылғыны плитусқа орнатсаңыз, құрылғыны орнату тақтайшасына бекіту керек.

Керек-жарақтармен бірге берілген нұсқаулықты мұқият оқыңыз.


# 4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

## 4.1 Басқару панелінің сипаттамасы



- 1 Қосу/Өшіру түймешігі ① (ВКЛ/ВЫКЛ)
- 2 Бағдарлама түймешесі
- 3 Айналдыруды азайтатын сенсорлық түймешік ② (Отжим)
- 4 Температура сенсорлық түймешігі ③ (Температура)
- 5 Дисплей
- 6 Кептіру сенсорлық түймешігі ④ (Время сушки)
- 7 Кешіктіріп бастау сенсорлық түймешігі ⑤ (Отсрочка старта)
- 8 Алдын ала жуу сенсорлық түймешігі ⑥ (Предв. стирка)
- 9 Кептіру деңгейінің сенсорлық түймешігі ⑦ (Уровень сушки)
- 10 Бастау/Үзіліс сенсорлық түймешігі ⑧ (Старт/Пауза)
- 11 Уақытты басқару сенсорлық түймешігі ⑨ - ⑩ + (Time Manager)

## 4.2 Дисплей



- A.** Температура аумағы:  
**88**: Температура индикаторы  
 — — : Суық су индикаторы
- B.** : Таймер индикаторы.
- C.** Уақыт аумағы:  
 • **125**: бағдарламаның ұзақтығы  
 • **2h**: кешіктіріп бастау  
 • **E20**: ескерту кодтары  
 • **E r r**: ақаулық хабарлары  
 • **0**: бағдарлама аяқталды.
- D.** : Кептіру циклы.
- E.** : Бу циклы.
- F.** : Тұрақты қосымша шаю опциясы.
- G.** : Құрғақтық деңгейінің индикаторлары.
- H.** Айналындыру аумағы:  
 • **1888**: Айналындыру жылдамдығының индикаторы  
 • — — — : Айналындырма индикаторы  
 • : Шаюды кідірту индикаторы
- I.** : Жуу циклы.
- J.** : Бала қауіпсіздігі құралының индикаторы.
- K.** : Есік құлыптаулы индикаторы

## 5. БАҒДАРЛАМАЛАР

### 5.1 Бағдарлама кестесі

| Бағдарлама<br>Температура ауқымы | Ең үлкен салмақ<br>Ең үлкен<br>айналдыру<br>жылдамдығы | Бағдарлама сипаттамасы<br>(Кірдің салмағы және кірлеу<br>дәрежесі)              |
|----------------------------------|--------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Жуу бағдарламалары</b>        |                                                        |                                                                                 |
| <br>Хлопок<br>90°C- Суық         | 7 кг<br>1600 мин/айн                                   | <b>Ақ және түрлі-түсті мақта мата.</b><br>Қалыпты және шамалы<br>ластанған кір. |

| Бағдарлама<br>Температура ауқымы                                                                                             | Ең үлкен салмақ<br>Ең үлкен<br>айналдыру<br>жылдамдығы | Бағдарлама сипаттамасы<br>(Кірдің салмағы және кірлеу<br>дәрежесі)                                                                                        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <br>Хлопок Эко <sup>1)</sup><br>60°C - 40°C | 7 кг<br>1600 мин/айн                                   | <b>Ақ және бояуы қанық мақта мата.</b> Орташа кірлеген. Қуатты пайдалану азаяды және жуу бағдарламасының уақыты ұзарады.                                  |
| <br>Стирка&Сушка 60 мин<br>40°C - 30°C      | 1 кг<br>1200 мин/айн                                   | Аралас матадан (мақта мата және синтетика заттар) жасалған аз мөлшердегі заттарды жууға арналған, жуу және кептіру циклынан тұратын толық бағдарлама.     |
| <br>Синтетика<br>60°C- Суық                 | 3,5 кг<br>1200 мин/айн                                 | <b>Синтетика немесе аралас матадан жасалған заттар.</b> Орташа кірлеген.                                                                                  |
| <br>Тонкие ткани<br>40°C- Суық              | 3,5 кг<br>1200 мин/айн                                 | <b>Акрил, вискоза, полиэстер сияқты биязы матадан жасалған заттар.</b> Орташа кірлеген.                                                                   |
| <br>Шелк<br>30°C                            | 1 кг<br>1000 мин/айн                                   | <b>Жібек мата және аралас синтетика заттарға арналған</b> арнайы бағдарлама.                                                                              |
| <br>Шерсть/Ручная стирка<br>40°C- Суық      | 1,5 кг<br>1200 мин/айн                                 | <b>«Қолмен жуу» белгісі бар нәзік маталар,</b> машинамен жууға болатын жүн маталар және қолмен жууға болатын жүн маталар <sup>2)</sup>                    |
| <br>Одеяла<br>60°C- Суық                  | 2 кг<br>800 мин/айн                                    | <b>Бір синтетикалық төсек жапқыш, көрпе, төсек жабдығы т.с.с. заттарды жууға арналған</b> арнайы бағдарлама.                                              |
| <br>Отжим/Слив <sup>3)</sup>              | 7 кг<br>1600 мин/айн                                   | Кірді айналдыруға және барабандағы суды төгуге арналған. <b>Жүн мата мен өте нәзік маталардан басқа барлық маталар..</b>                                  |
| <br>Полоскание<br>Суық                    | 7 кг<br>1600 мин/айн                                   | Кірді шаюға және айналдыруға арналған. <b>Барлық маталар,</b> жүн мата мен өте нәзік матадан басқа. Айналдыру жылдамдығын матаның түріне қарай азайтыңыз. |

| Бағдарлама<br>Температура ауқымы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Ең үлкен салмақ<br>Ең үлкен<br>айналдыру<br>жылдамдығы | Бағдарлама сипаттамасы<br>(Кірдің салмағы және кірлеу<br>дәрежесі) |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
| <b>Кептіру бағдарламалары</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                        |                                                                    |
| <br>Сушка шерсти                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 1 кг                                                   | <b>Жүн матаны</b> кептіруге арналған бағдарлама.                   |
| <br>Сушка синтетики                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | 2 кг                                                   | <b>Синтетикалық заттарды</b> кептіруге арналған бағдарлама.        |
| <br>Сушка хлопка                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 4 кг                                                   | <b>Мақта мата заттарды</b> кептіруге арналған бағдарлама.          |
| <b>Бу бағдарламалары<sup>4)</sup></b><br><p>Бу циклін кепкен, жуылған немесе бір рет жуылған кір үшін қолдануға болады. Бұл бағдарламалар кірдің қыжымдануын және иісін азайтып, матаны барынша жұмсартады.</p> <p>Ешбір жуғыш зат қолданбаңыз. Егер қажет болса, дақты жуу немесе жумай тұрып тазарту арқылы кетіріңіз.</p> <p>Бу бағдарламалары ешбір зарарсыздандыру циклін орындамайды.</p> <p>Мына заттар үшін Бу бағдарламасын орнатпаңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• 40°C градустан төмен температурада жуылатын заттар.</li> <li>• затбелгісінде кептіргіш машинада кептіруге болады деп көрсетілмеген заттар.</li> <li>• Пластик, темір, ағаш немесе т.б. тағылған заттардың барлығы.</li> </ul> |                                                        |                                                                    |

| Бағдарлама<br>Температура ауқымы                                                                    | Ең үлкен салмақ<br>Ең үлкен<br>айналдыру<br>жылдамдығы | Бағдарлама сипаттамасы<br>(Кірдің салмағы және кірлеу<br>дәрежесі)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <br>Освежить паром | 1,5 кг                                                 | <p><b>Мақта мата және синтетика заттардың</b> қыжымын жазуға немесе жаңартуға арналған бу бағдарламасы.</p> <p>Қол жетімді циклдарды таңдау үшін Time Manager түймелерін басыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қыжымданудан сақтау  (өдепкі бағдарлама ұзақтығы)</li> <li>Жаңарту  (қысқа бағдарламаның ұзақтығы)</li> </ul> |

1) Мақта мата, үнемді бағдарламасы. Бұл бағдарлама 60°C градуспен жуатын, 7 кг салмаққа арналған, қуат мәндері көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде ЕЕС 92/75 стандарттарына сай берілген бағдарлама. Жуу нәтижесін жақсарту және қуатты аз тұтыну үшін осы бағдарламаны орнатыңыз. Жуу бағдарламасының уақыты ұзарады.

2) Осы цикл кезінде кірді баппен жуу үшін барабан баяу айналады. Барабан айнамай тұрған сияқты немесе дұрыс айнамай тұрған сияқты көрінуі мүмкін.

3) Айналыру жылдамдығын орнатыңыз. Жуылып жатқан кірдің түріне сай келетініне көз жеткізіңіз. Егер Айналырмау циклын орнатсаңыз, су төгу циклы ғана жұмыс істейді.

4) Бу бағдарламасын кепкен кір үшін орнатқан кезде, цикл соңында кір дымқыл болуы мүмкін. Кірді кептіріп алу үшін таза ауаға шамамен 10 минут жаю керек. Бағдарлама аяқталған кезде кірді барабаннан дереу алыңыз. Бу циклі аяқталғаннан кейін, заттарды бәрібір үтіктеу керек, бірақ ол жеңіл үтіктеледі.

#### Бағдарлама параметрлерінің үйлесімділігі

| Бағдарлама                                                                                               |  |  |  |  |  |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| Хлопок                | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                    |
| Хлопок Эко            | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                    |
| Стирка&Сушка 60 мин   |                                                                                    |                                                                                    |                                                                                    | ■                                                                                  |                                                                                    |                                                                                      |
| Синтетика             | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                    |
| Тонкие ткани          | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                    |
| Шелк                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  |                                                                                    | ■                                                                                  |                                                                                    |                                                                                      |
| Шерсть/Ручная стирка  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  | ■                                                                                  |                                                                                    |                                                                                      |
| Одеяла                | ■                                                                                  |                                                                                    |                                                                                    | ■                                                                                  |                                                                                    |                                                                                      |

| Бағдарлама                                                                                      |  |  |  |  |  |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|
| Отжим/Слив  1) | ■                                                                                 | ■                                                                                 |                                                                                   | ■                                                                                 |                                                                                   |                                                                                    |
| Полоскание     | ■                                                                                 | ■                                                                                 | ■                                                                                 | ■                                                                                 |                                                                                   | ■                                                                                  |

1) Айналыру жылдамдығын орнатыңыз. Жуылып жатқан кірдің түріне сай келетініне көз жеткізіңіз. Егер Айналырмау циклын орнатсаңыз, су төгу циклы ғана жұмыс істейді.

### 5.2 Автоматты түрде кептіру

| Құрғақтық деңгейі                                                                                                                                           | Матаның түрі                                                                                            | Салыным       |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
|  <b>Extra Dry (Өте құрғақ)</b><br>Сүлгі материалдарына арналған            | <b>Мақта мата және Зығыр мата</b><br>(монша халаттары, монша сүлгілері, т.с.с.)                         | 4 кг-ға дейін |
|  <b>Cupboard Dry (Шкафқа)1)</b><br>Сақтап қоюға арналған заттарға арналған | <b>Мақта мата және Зығыр мата</b><br>(монша халаттары, монша сүлгілері, т.с.с.)                         | 4 кг-ға дейін |
|                                                                                                                                                             | <b>Синтетика және аралас маталар</b><br>(джерпер, блуза, іш киімдер, тұрмыста пайдаланылатын жапқыштар) | 2 кг-ға дейін |
|                                                                                                                                                             | <b>Жібек маталар</b><br>(блузалар, жейделер, киімдер.)                                                  | 1 кг-ға дейін |
|                                                                                                                                                             | <b>Жүн мата заттар</b> (жүн жейделер)                                                                   | 1 кг-ға дейін |
|  <b>Iron Dry (Үтіктеуге)</b><br>Үтіктеуге жарамды                        | <b>Мақта мата және Зығыр мата</b><br>(ақжаймалар, үстел жапқыштар, жейделер т.с.с.)                     | 4 кг-ға дейін |

1) Сынақтан өткізетін мекемеге арналған кеңестер EN 50229 стандартына сай сынақты БІРІНШІ кептірілетін кірді салып, ең үлкен көрсетілген кептіру параметрлері бойынша, (кірдің құрамы EN61121 стандартына сай) АВТ. ШКАФҚА бағдарламасын Мақта мата режиміне қойып орындау керек. ЕКІНШІ кептірілетін кірлерді қалған кірмен бірге, АВТ. ШКАФҚА бағдарламасын Мақта мата режиміне қойып орындау керек.

### 5.3 Уақыты қойылған кептіру циклы

| Құрғақтық деңгейі                                                         | Матаның түрі                                                                                            | Салмақ (кг) | Айналдыру жылдамдығы (айн/мин) | Ұсынылатын уақыт (мин) |
|---------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|--------------------------------|------------------------|
| <b>Extra Dry (Өте құрғақ)</b><br>Сүлгі материалдарына арналған            | <b>Мақта мата және Зығыр мата</b><br>(монша халаттары, монша сүлгілері, т.с.с.)                         | 4           | 1600                           | 165 - 180              |
|                                                                           |                                                                                                         | 2           | 1600                           | 90 - 100               |
|                                                                           |                                                                                                         | 1           | 1600                           | 60 - 70                |
| <b>Superboard Dry (Шкафқа)</b><br>Сақтап қоюға арналған заттарға арналған | <b>Мақта мата және Зығыр мата</b><br>(монша халаттары, монша сүлгілері, т.с.с.)                         | 4           | 1600                           | 155 - 170              |
|                                                                           |                                                                                                         | 2           | 1600                           | 80 - 90                |
|                                                                           |                                                                                                         | 1           | 1600                           | 50 - 60                |
| <b>Superboard Dry (Шкафқа)</b><br>Сақтап қоюға арналған заттарға арналған | <b>Синтетика және аралас маталар</b><br>(джерпер, блуза, іш киімдер, тұрмыста пайдаланылатын жапқыштар) | 2           | 1200                           | 90 - 105               |
|                                                                           |                                                                                                         | 1           | 1200                           | 40 - 50                |
|                                                                           | <b>Жүн мата</b><br>(жүн джерперлер)                                                                     | 1           | 1200                           | 80 - 100               |
|                                                                           | <b>Жібек мата</b><br>(блуза, жейде, киім т.с.с.)                                                        | 1           | 1000                           | 80                     |
|                                                                           |                                                                                                         |             |                                |                        |
| <b>Iron Dry (Үтіктеуге)</b><br>Үтіктеуге жарамды                          | <b>Мақта мата және Зығыр мата</b><br>(ақжаймалар, үстел жапқыштар, жейделер т.с.с.)                     | 4           | 1600                           | 110 - 125              |
|                                                                           |                                                                                                         | 2           | 1600                           | 65 - 75                |
|                                                                           |                                                                                                         | 1           | 1600                           | 40 - 50                |

### 5.4 Woolmark Apparel Care - Көк



- Woolmark компаниясы бұл машинаның жүн матаны жуу

бағдарламасын сертификаттаған, дегенмен бұл компанияның талабы бойынша «қолмен жуу» деген затбелгісі бар заттарды, осы кір жуғыш машинаны өндірушінің нұсқауларын сақтап жуу керек. Киімді кептіру және басқа нұсқауларды күтім көрсету белгісінен қараңыз. M1380

- Woolmark компаниясы бұл машинаның жүн матаны кептіру бағдарламасын сертификаттаған, дегенмен бұл компанияның талабы бойынша «қолмен жуу» деген затбелгісі бар заттарды, осы машинаны өндірушінің нұсқауларын

сақтап кептіру керек. Киімге күтім көрсетуге қатысты басқа нұсқауларды киімге күтім көрсету белгісінен қараңыз. M1381

Ұлыбританияда, Ирландияда, Гонконг пен Индияда Woolmark белгісі - сертификатталған сауда белгісі болып табылады.

## 6. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ



Осы кестеде орташа мәндер көрсетілген. Түрлі айнымалы шамалар деректерді өзгертуі мүмкін: кірдің мөлшері мен түрі, судың және қоршаған ортаның температурасы.



Бағдарлама басталғанда дисплейде кірдің ең көп мөлшеріне арналған бағдарламаның ұзақтығы көрсетіледі. Жуу циклы кезінде бағдарламаның уақыты автоматты түрде есептеледі, егер кірдің мөлшері ең көп кірдің мөлшерінен аз болса барынша азая түсуі мүмкін (мысалы, Мақта мата 60°C, кірдің ең көп мөлшері 7 кг, бағдарламаның уақыты 2 сағаттан асса; салынған кірдің нақты салмағы 1 кг болса, бағдарламаның уақыты 1 сағатқа жетпейді). Құрылғы бағдарламаның нақты уақытын есептеп тұрғанда дисплейде нүкте жыпылықтайды.

| Бағдарламалар                                                        | Салмақ (кг) | Қуат тұтыну (кВт/сағ) | Суды пайдалану (литр) | Бағдарламаның болжалды ұзақтығы (минут) |
|----------------------------------------------------------------------|-------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------------------------|
| Мақта мата 60°C                                                      | 7           | 1.30                  | 62                    | 157                                     |
| Хлопок Эко<br>Мақта мата, үнемді 60 °C<br>бағдарламасы <sup>1)</sup> | 7           | 0.86                  | 54                    | 262                                     |
| Мақта мата 40°C                                                      | 7           | 0.80                  | 62                    | 154                                     |
| Синтетика 40°C                                                       | 3,5         | 0.50                  | 66                    | 110                                     |
| Нәзік мата 40°C                                                      | 3,5         | 0.53                  | 50                    | 100                                     |
| Жүн мата/Қолмен жуу<br>30°C                                          | 1,5         | 0.25                  | 45                    | 56                                      |

<sup>1)</sup> 7 кг салмаққа арналған «Мақта мата, үнемді 60°C бағдарламасы» үшін ЕЕС 92/75 стандарттарына сай қуат мәндері көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде берілген бағдарлама.

## 7. ФУНКЦИЯЛАР

### 7.1 Температура 🌡

Өдепкі температураны өзгерту үшін осы параметрді орнатыңыз.

Бейнебетте орнатылған температура көрсетіледі.

— — индикаторы = суық су.

## 7.2 Отжим

Осы функцияның көмегімен әдепкі айналдыру жылдамдығын азайтуға болады.

Бейнебетте орнатылған жылдамдықтың индикаторы көрсетіледі.

### Қосымша айналдыру параметрлері: Айналдырмау

- Барлық айналдыру циклдарын алу үшін осы параметрді орнатыңыз.
- Бұл параметрді өте нәзік маталар үшін орнатыңыз.
- Кей жуу бағдарламаларында шаю циклы көп су пайдаланады.
- Бейнебетте — — — индикаторы пайда болады.

### Шаюды кідірту

- Кірлер мыжылып қалмас үшін осы параметрді орнатыңыз.
- Жуу бағдарламасы аяқталғанда барабан ішінде су тұрады. Кір мыжылып қалмас үшін барабан мезгіл-мезгіл айналып тұрады.
- Есік құлыпталып тұрады. Есікті ашу үшін суды төгу керек.
- Бейнебетте  индикаторы пайда болады.



Суды төгу үшін "Бағдарламаның соңы" тарауын қараңыз.

## 7.3 Время сушки

Осы функцияның көмегімен матаны кептіретін уақытты орнатуға болады. Бейнебетте параметрдің орнатылған мәні көрсетіледі.

Осы сенсорлық түймешікті әр басқан сайын уақыт мәні 5 минутқа артып отырады.



Әр түрлі маталарға арнап түрлі уақыттарды орнату мүмкін емес.

## 7.4 Отсрочка старта

Осы параметрдің көмегімен бағдарламаны 30 минуттан 20 сағатқа дейін кешіктіріп бастауға болады.

Бейнебетте тиісті индикатор пайда болады.

## 7.5 Предв. стирка

Осы параметрдің көмегімен жуу бағдарламасына алдын ала жуу циклын қосуға болады.

Осы параметрді қатты кірлеген кірді жуу үшін пайдаланыңыз.

Осы параметрді орнатқан кезде бағдарламаның уақыты ұзарады.

Тиісті индикатор жанады.

## 7.6 Уровень сушки

Осы функцияның көмегімен кірдің автоматты құрғақтық деңгейін орнатуға болады. Бейнебетте орнатылған деңгейдің белгішесі көрсетіледі.

-  Мақта мата заттарға арналған **Өте құрғақ** деңгей
-  Мақта мата, синтетика, жүн және жібек маталарға арналған **Шкафқа** салуға болатын құрғақтық деңгейі
-  Мақта мата заттарға арналған **Үгіктеуге** болатын құрғақтық деңгейі

## 7.7 Таймер — +

Жуу бағдарламасын орнатқан кезде бейнебетте әдепкі уақыт көрсетіледі.

Бағдарламаның уақытын азайту немесе көбейту үшін — немесе + түймешігін басыңыз.

Таймер функциясы кестеде көрсетілген бағдарламаларда ғана жұмыс істейді.

| Индикатор |      |      |   | Хлопок Эко |      |
|-----------|------|------|---|------------|------|
| 1)        | ■    | ■    |   |            |      |
|           | ■    | ■    | ■ |            |      |
|           | ■    | ■    |   |            |      |
|           | ■    | ■    | ■ | ■          | ■ 2) |
|           | ■    | ■    |   |            |      |
|           | ■ 3) | ■ 3) | ■ |            |      |
|           | ■    | ■    |   |            |      |

| Индикатор |   |   |      | Хлопок Эко |      |
|-----------|---|---|------|------------|------|
| 4)        | ■ | ■ | ■ 3) | 3)         | ■ 5) |

- 1) Ең қысқа: кірді жаңартуға арналған.
- 2) Кірді жаңартуға арналған бағдарламаның ұзақтығы.
- 3) Бағдарламаның әдепкі уақыты.
- 4) Ең ұзақ: Бағдарламаның ұзақтығын баяу көбейткен кезде пайдаланылатын қуат мөлшері азаяды. Оңтайландырылған қыздыру циклы пайдаланылатын қуат мөлшерін азайтады және ұзақ бағдарламаны қолданғанда, жуу нәтижесі өзгермейді (әсіресе қалыпты кірлеген кірлерде).
- 5) Кірдің қыжымдануына жол бермеу үшін қолданылатын бағдарламаның ұзақтығы.

## 8. ПАРАМЕТРЛЕР

### 8.1 Бала қауіпсіздігінің құралы



Осы функцияның көмегімен балалар басқару панелімен ойнауға жол бермейсіз.

- Осы функцияны **іске қосу/ажырату** үшін және түймешіктерін индикаторы жанғанша/сөнгенше қатар басыңыз.

Мына параметрді қосуға болады:

- түймешігін басқаннан кейін: функциялар мен бағдарлама тетігі бұғатталады.
- түймешігін баспайынша: құрылғы іске қосылмайды.

### 8.2 Тұрақты қосымша шаю

Осы функцияның көмегімен жаңа бағдарлама орнатқан кезде қосымша шаю циклі тұрақты орнатылып тұрады.

- Осы функцияны **іске қосу/ажырату** үшін және түймешіктерін индикаторы жанғанша/сөнгенше қатар басыңыз.

### 8.3 Дыбыстық сигналдар

Дыбыстық сигналдар мына жағдайларда қосылады:

- Бағдарлама аяқталғанда.
- Құрылғыда ақау бар кезде.

Дыбыстық сигналдарды **сөндіру/қосу** үшін және түймешіктерін 6 секунд қатар басыңыз.



Егер дыбыстық сигналдарды сөндірсеңіз, олар құрылғыда ақау пайда болған кезде қосыла береді.

## 9. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН


1. Жуу циклына арналған бөлікке шамалы жуғыш зат салыңыз.
2. Мақта матаға арналған бағдарламаны орнатып, ең жоғары температураға қойып ешбір кір салмай жуыңыз.

Бұл цикл барабан мен машинаның ішінде бар болуы мүмкін кірлердің барлығын кетіреді.

## 10. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК ЖУУ

### 10.1 Кірді салу

1. Құрылғының есігін ашыңыз
  2. Кірді барабанға бір-бірден салыңыз.
  3. Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз.
- Барабанға тым көп кір салынбағанына көз жеткізіңіз.
4. Есікті нығыздап жабыңыз.




#### АБАЙЛАҢЫЗ

Тығыздағыш пен есіктің арасына ешбір кір қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Су ағуы немесе кірге нұқсан келуі мүмкін.

### 10.2 Жуғыш зат пен үстемелерді пайдалану

1. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты өлшеп алыңыз.
2. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты бөліктерге салыңыз.
3. Жуғыш зат үлестіргішті абайлап жабыңыз



#### АБАЙЛАҢЫЗ


Кір жуғыш машинаға арнайы жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.



Жуғыш заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды әрқашан орындаңыз.

